

# МУРАТБАЕВ NEWS

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК МЫҢНАН  
ТҰЛПАР ШӘКІРТТЕРІМІЗ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘН  
ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢІНЕН  
«КҮМІС, ҚОЛА» МЕДАЛЬ  
ИЕГЕРЛЕРІ АТАНДЫ.

Дарынды оқушыларымыздың  
талантты ұстаздарын  
құттықтаймыз!



“



"GM CUP 2023"  
мектепшілік  
пікірсайыс  
турнирінің  
Премьер Лига  
ойындарының  
жеңімпаздары.

# ОБЛЫСТЫҚ «PROECO» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР КОНКУРСЫ



Оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру, экологиялық мәдениетін қалыптастыру, туған өлке табиғатын қорғау қызметіне бейімдеу мақсатында 5-8 сынып оқушылары арасында

ұйымдастырылған Республикалық «ProEco» экологиялық жобалар конкурсының облыстық кезеңінен:

- «Үздік экологиялық бастама» бағыты бойынша Рамазан Нұрай мен Қанатқызы Іңкәр – 2 орын
- «Мені қоршаған әлем- ғажайып әлем» бағыты бойынша Абдықалық Аяжан, Ыбрай Көркем – Алғыс хатпен марапатталды.

Жетекшісі: Капарова Жанар Джанболатовна, жеңіс құтты болсын!

# "GM CUP 2023" ПРЕМЬЕР ЛИГА ОЙЫНДАРЫ

"GM CUP 2023" мектепішілік пікірсайыс турнирінің Премьер Лига ойындарында:

- "Үздік талпыныс" Жас жұлдыз фракциясы
- "Үздік талпыныс" Жас Ұлан фракциясы
- "Үздік талпыныс" Интеллект фракциясы
- "Үздік фракция" Жалын фракциясы
- "Үздік фракция" Силвер фракциясы
- "Үздік кейс" Дебатыры на рахате фракциясы
- "Үздік кейс" Королева фракциясы
- Орыс Премьер Лигасы:
- I орын - Аврора фракциясы
- II орын - Дружба фракциясы
- III орын - Спор с умом фракциясы

Қазақ Премьер Лигасы:

- I орын - Quest фракциясы
- II орын - Article фракциясы
- III орын - Молекула фракциясы марапатталды
- "Үздік төреші" - Орынбасар Ақерке
- "Үздік төреші" - Тургенбай Жания
- "Үздік төреші" - Бақытқызы Шапағат
- "Үздік төреші" - Егемберді Нұршат
- "Үздік төреші" - Мұхтарова Мадина
- "Үздік төреші" - Нариман Нұрдәулет
- "Үздік төреші" - Бөрібаева Алия
- "Үздік төреші" - Каржауова Аяулым

# ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА - ҮЛГІ

Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына орай және оқушыларды әскери-патриоттық сезімге тәрбиелеу мақсатында 2023 жылы 13 ақпанда ауған соғысына қатысқан ардагерлермен кездесу өтті.

Бұл кездесуге ауған соғысының ардагерлері Танабаев Қуат, Құрбанов Мұрат қатысты. Өз кезегінде ардагерлер қиындығы мен қасіреті мол ауған соғысы кезіндегі жауынгерлік тапсырмаларын қалай орындағандары, әртүрлі ұлттан құралған әскер қатарының мызғымас достығы мен көрсеткен ерліктері туралы, олардың әрқайсы интернационалдық борыштарын қаншалықты адал орындап шыққаны жайлы айтып берді.



# ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК МЫҢНАН ТҰЛПАР ШӘКІРТТЕРІМІЗДІҢ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Республикалық пән олимпиадасының  
облыстық кезеңінен «күміс, қола» медаль  
иегерлері:

Қазақ тілі мен әдебиеті:

- Дәуренқызы Нұрай – 10 сынып

Жетекшісі: Трусбаева Енлик Сакеновна

Орыс сыныптарындағы қазақ тілі:

- Сарваров Мурат – 9 сынып

Жетекшісі: Жунисова Роза Қалдыбековна

Орыс тілі мен әдебиеті:

- Асылханова Аруна – 11 сынып

Жетекшісі: Айдаркулова Джамия Кадировна

Орыс сыныптарындағы орыс тілі:

- Бондарь Катерина – 9 сынып

- Атагулов Анес – 10 сынып

Жетекшісі: Салимова Азиза Азизовна

Дарынды оқушыларымыздың талантты  
ұстаздарын құттықтаймыз!

# «Оқуға күштар мектеп» рубрикасы

Ақбілектің жанын жынның ойнағындай ойрандап кеткен озбыр омырау, өксікті күндер орыс мінген аттардың аяғымен бірге алыстап бара жатты. Тықыр ұзаған сайын «алла, алла...» деген лебіз кеудені керіп, ауыздан еріксіз ағытылуда еді. Көшкен орыстың жұртында бұралқы күшіктей қаңғырып Ақбілек жалғыз қалса да, жалғыздығына өкінген жоқ. Орыстың оғынан өлгеннен де, құлазыған иесіз тауда тентіреп өлгенін артық көрді. Орыстардың дыбысы өшкенше: «Құтқарғаның шын ба, жасаған?» дегендей, арттарынан топырақ шашып, қарасы өшкен соң: «Уһ» деп демін бір алып, төңірегіне көз салды. О кезде ызғырығы ызылдап, бойды мұздатып, сабалақ қара бұлттан тон жамылған күздің көзсіз қара түні ақ бас Алтайдың үстіне қара бурадай шөгіп, сай-салаға бауырын төсеп, дүние қарауытып келе жатыр еді. Көк жүзінде жайылып жатқан жұлдыз-қойларын көздеп тұратын шопан атасындай - жау көргендей, зым-зия жоғалыпты. Сабалақ қара бұлттар-ау! Ақбілектің жанын тұншықтырған қара тұман аз болды дедіндер ме, үстіне мұнша төнгенше, анау асқар таулардың басына түнесендерші! Күздің сарғыш жапырақтары-ау! Кімді әлдилеп, сыбдырлап тұрсындар? Қалың бұтаның қайғысыз, қамсыз бытбыл- дықтары-ау! Несіне қара түнді жаңғырықтырып тұрсындар? Сұлудың жүрегін жанышқан ауыр шерді сендер сейілтем дейсіңдер ме? Қанатын қаршыға күйретіп қиқайған қостың алдында бір қолымен жер таянып, аспанға қарап отырған сұқсырдың налыған зарын тәңірісіне жеткізем дейсіңдер ме?!



Ж.Аймауытов. «Ақ білек»